

emotional burnout in primary care doctors: a randomized controlled trial. Archives of the Balkan Medical Union, 55(3), 2020, 398–409.

18. Asimov, M. A., Vasko, T. P., Abdulla, K. E. (2024). Psikhoterapiya metodom samosovladaniya patologicheskogo gamblinga komorbidnogo so spetsificheskoy fobiyey: klinicheskiy sluchay. Scientific and Practical Journal EJCRP&P, 1(6), 26–33.

19. Saya Nurmagambetova, Marat Assimov. The self-coping method in online psychological aid at COVID-19 pandemic. Indian Journal of Psychiatry Volume 62 (Supplement 3), September 2020, 414-419.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Саитгареева Гүлшат Гафурқызы – хат-хабар авторы, «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанты, Тұран университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: 24250466@turan-edu.kz

**Сведения об авторах:**




Саитгареева Гульшат Гафуровна – автор для корреспонденции, PhD докторант по образовательной программе «Психология», Университет Туран, Алматы, Казахстан. E-mail: [24250466@turan-edu.kz](mailto:24250466@turan-edu.kz)

**Information about the authors:**

Saitgareyeva Gulshat Gafurovna – corresponding author, PhD student in the Educational Program “Psychology,” Turan University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: 24250466@turan-edu.kz

MPNТИ 15.41.25

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.86.1.021>

З.М. Садвакасова<sup>1</sup> , Нагманов Н.Ж.<sup>1</sup>  Комекбаева Л.К.<sup>2\*</sup>   
<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан;  
<sup>2</sup>«Q» University, Алматы, Казахстан  
\*e-mail: [klk62@mail.ru](mailto:klk62@mail.ru)

## ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ІС- ӘРЕКЕТІНДЕГІ МОТИВАЦИЯЛЫҚ СҰХБАТТАСУ

### Аңдатпа

Мақалада пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметі іс-әрекетіндегі мотивациялық сұхбаттасудың рөлі және оны тұтқындармен жұмыста қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Әдіс когнитивтік-мінез-құлықтық тәсілдегі үшінші толқынында дайындалып жасалған. Зерттеудің өзектілігі оқшаулану жағдайындағы сотталғандардың жеке басының өзгеруіне, ішкі мотивациясын арттыруға, деструктивтік мінез-құлықтық формаларын төмендетуге және өздерінің өмірлік шешімдері үшін жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған тиімді психологиялық әдістерді енгізу қажеттілігімен байланыстылығымен түсіндіріледі. Зерттеудің мақсаты – бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға психологиялық көмек көрсету және сүйемелдеу әдісі ретінде мотивациялық сұхбаттасуды қолдану мүмкіндіктерін теориялық талдау және негіздеу, сондай-ақ пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметі іс-әрекетінде оның әлеуетін анықтау. Мақалада мотивациялық сұхбаттасуда кеңесшінің негізгі мақсаттары, міндеттері, дағдылары, стильдері ашылады. Пенитенциарлық ортаның ерекшелігін, психологиялық қорғау деңгейін, мамандарға сенімсіздік пен өзгерістерге төмен дайындықты ескере отырып, тұтқындармен мотивациялық сұхбаттасудың әдістемесіне ерекше назар аударылады. Сондай-ақ, пенитенциарлық мекемедегі сотталушының ойлауын, мінез-құлқын өзгерту құралдары, әдістері және жауапты тәсілге бағыттылығы қарастырылады. Зерттеу нәтижелері пенитенциарлық мекемелер психологтарының жұмысында мотивациялық сұхбаттасуды қолдану сотталғандардың өз мінез-құлқына қатысты саналы мойындауын арттыруға, оң өзгерістерге ішкі мотивацияны қалыптастыруға, психологиялық әсерге қарсылықты төмендетуге және терапевтік альянсты нығайтуға ықпал ететінін көрсетті. Бұл әдісті қолдану қайталану және деструктивтік мінез-құлықтың алдын алу тиімділігін арттыруға, сондай-ақ тұтқындардың эмоциялық жағдайы мен бейімделу ресурстарын жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметінің іс-әрекетінде берілген теориялық ережелер мен әдістемелік ұсыныстарды қолдану мүмкіндігі болып табылады. Мақаланың материалдары психологтардың практикалық жұмысында, сондай-ақ пенитенциарлық психология саласында жұмыс істейтін мамандарды кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде қолданылуыға болады.

**Түйінді сөздер:** тұтқындар, психологтың іс-әрекеті, мотивациялық сұхбаттасу

З.М. Садвакасова<sup>1</sup>, Нагманов Н.Ж. <sup>1</sup>, Комекбаева Л.К. <sup>2\*</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *«Q» University, Алматы, Казахстан*

*\*e-mail: [klk62@mail.ru](mailto:klk62@mail.ru)*

### **Мотивационное интервьюирование в деятельности психологической службы пенитенциарных учреждений**

*Аннотация*

В статье рассматривается роль мотивационного интервьюирования в деятельности психологической службы пенитенциарных учреждений и особенности его применения в работе с заключёнными. Метод был разработан третьей волне в когнитивно-поведенческом подходе. Актуальность исследования обусловлена необходимостью внедрения эффективных психологических методов, направленных на повышение внутренней мотивации осуждённых на личностные изменения, снижению деструктивных форм поведения и формированию ответственности за собственные жизненные решения в условиях изоляции. Цель исследования заключается в теоретическом анализе и обосновании возможностей использования мотивационного интервьюирования как метода психологической помощи и сопровождения лиц, находящихся в местах лишения свободы, а также в выявлении его потенциала в деятельности психологической службы пенитенциарных учреждений. В статье раскрываются основные цели, задачи, навыки, стили консультанта в проведении мотивационного интервьюирования. Особое внимание уделяется методике проведения мотивационного интервью с заключёнными, с учётом специфики пенитенциарной среды, уровня психологической защиты, недоверия к специалистам и низкой готовности к изменениям. И также рассматриваются инструменты, техники, приемы, методы по изменению мышления, поведения и направленность на ответственный подход заключенного в пенитенциарном учреждении. Результаты исследования показали, что применение мотивационного интервьюирования в работе психологов пенитенциарных учреждений способствует повышению осознанности осуждённых в отношении собственного поведения, формированию внутренней мотивации к позитивным изменениям, снижению сопротивления психологическому воздействию и укреплению терапевтического альянса. Использование данного метода позволяет повысить эффективность профилактики рецидивного и деструктивного поведения, а также улучшить эмоциональное состояние и адаптационные ресурсы заключённых. Практическая значимость исследования заключается в возможности использования представленных теоретических положений и методических рекомендаций в деятельности психологических служб пенитенциарных учреждений. Материалы статьи могут быть применены в практической работе психологов, а также в системе профессиональной подготовки и повышения квалификации специалистов, работающих в сфере пенитенциарной психологии.

**Ключевые слова:** заключённые, деятельность психолога, мотивационное интервьюирование.

З.М. Садвакасова<sup>1</sup>, Нагманов Н.Ж. <sup>1</sup>, Комекбаева Л.К. <sup>2\*</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *«Q» University, Алматы, Казахстан*

*\*e-mail: [klk62@mail.ru](mailto:klk62@mail.ru)*

## Motivational interviewing in the practice of psychological services in penitentiary institutions

### Abstract

This article explores the role of motivational interviewing in the practice of psychological services within penitentiary institutions and examines the specific features of its application in work with incarcerated individuals. The method was developed within the framework of the third wave of the cognitive-behavioral approach. The relevance of the study is determined by the need to implement effective psychological methods aimed at enhancing inmates' internal motivation for personal change, reducing destructive patterns of behavior, and fostering responsibility for personal life decisions under conditions of deprivation of liberty. The purpose of the study is to provide a theoretical analysis and substantiate the potential use of motivational interviewing as a method of psychological support and intervention for individuals serving custodial sentences, as well as to identify its practical value within the activities of penitentiary psychological services. The article outlines the main goals, objectives, core skills, and counseling styles associated with motivational interviewing. Particular attention is given to the methodology of conducting motivational interviews with inmates, taking into account the specific characteristics of the penitentiary environment, elevated levels of psychological defense, distrust toward mental health professionals, and limited readiness for change. The paper also examines tools, techniques, and methods aimed at modifying cognitive and behavioral patterns and promoting a responsible, self-directed approach among incarcerated individuals. The findings indicate that the application of motivational interviewing in penitentiary psychological practice contributes to increased self-awareness among inmates regarding their behavior, the development of intrinsic motivation for positive change, a reduction in resistance to psychological intervention, and the strengthening of the therapeutic alliance. The use of this method enhances the effectiveness of preventing recidivist and destructive behavior and improves inmates' emotional well-being and adaptive capacities. The practical significance of the study lies in the applicability of the presented theoretical framework and methodological recommendations to the work of psychological services in penitentiary institutions. The materials may be utilized in the professional practice of psychologists, as well as in training and continuing education programs for specialists in the field of penitentiary psychology.

**Keywords:** inmates, psychologist's activity, motivational interviewing.

**Кіріспе.** Мотивациялық сұхбаттасу (МС) - бұл тұлғаның ішкі ресурстарын ынталандыруға және жағымды мінез-құлықтық өзгерістеріне дайындықты қалыптастыруға бағытталған психологиялық практикадағы заманауи, дәлелді тәсіл. Әдіс эмпатия, автономияны қолдау және директивтік емес өзара әрекеттесу принциптеріне негізделген, бұл қарсылықты азайтуға және клиенттің айқын психологиялық қорғанысы жағдайында да конструктивтік психологиялық байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Пенитенциарлық мекемелерде тұрақты деструктивтік бағыт-бағдарларды, соның ішінде ойлау мен мінез-құлықтың радикалдандырылған формалармен байланысты сотталғандармен жұмыс ерекше өзекті болып отыр. Бас бостандығынан айыру орындарындағы радикалдану үрдістері көбінесе когнитивтік ригидтілікпен, поляризацияланған ойлаумен, дұшпандықтың жоғары деңгейімен және сынның төмендеуімен бірге жүреді, бұл психологиялық әсер етудің дәстүрлік директивалық әдістерін қолдануды едәуір қиындатады. Бұл тұрғыда мотивациялық сұхбаттасу сотталғандарды радикалдандыру бағдарламалары шеңберінде қолданылатын психологиялық жұмыстың перспективалық құралы ретінде қарастырылуы мүмкін. Мотивациялық сұхбаттасудың директивтік емес сипаты, жеке тұлғаның амбиваленттілігін, құндылықтары мен өмірлік мақсаттарын зерттеуге бағдарлану тікелей қысым мен қарама-қайшылықсыз радикалдық бағыт-бағдарларды біртіндеп қайта қарауға жағдай жасайды. Бұл әдіс сотталғандардың өз мінез-құлқының салдарына саналы қатынасын ынталандыруға, сондай-ақ өзіндік жүзеге асырылудың альтернативтік, әлеуметтік қолайлы тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметі әс-ірекетіне мотивациялық сұхбаттасуды интеграциялау қайталанатын және деструктивтік мінез-құлықтық қаупті азайтуға ғана емес, сонымен қатар осы зерттеудің өзектілігі мен ғылыми-практикалық маңыздылығын анықтайтын сотталғандардың радикалдануының алдын алу және дерадикалдану үрдістерін қолдау тиімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін [1].

Зерттеу нысаны – сотталғандардың мінез-құлқын психологиялық сүйемелдеу және түзету жүйесіндегі пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметінің іс-әрекеті. Зерттеу пәні – пенитенциарлық мекемелер жағдайында сотталғандармен психологиялық жұмыста мотивациялық сұхбаттасуды қолданудың ерекшеліктері, мүмкіндіктері мен тиімділігі. Зерттеудің маңыздылығы пенитенциарлық жүйеде психологиялық көмектің ғылыми негізделген және әдептік тұрғыда бағдарланған әдістерін енгізудің өзектілігімен анықталады. Зерттеудің теориялық маңыздылығы шектеулі еркіндік жағдайында психологиялық әсер ету әдісі ретінде мотивациялық сұхбаттасу мүмкіндіктері туралы идеяларды кеңейту, сондай-ақ оның пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметінің құрылымындағы іс-әрекеттің орнын нақтылау болып табылады.

Практикалық маңыздылығы пенитенциарлық мекемелердің тәжірибеші психологтарының жұмысында, сотталғандарды психологиялық сүйемелдеу, деструктивтік және қайталанатын мінез-құлықтың алдын алу бағдарламаларын әзірлеу кезінде, сондай-ақ пенитенциарлық профильдегі мамандарды кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде алынған қорытындылар мен әдістемелік ережелерді пайдалану мүмкіндігінен тұрады.

Зерттеу әдістері: мотивациялық сұхбаттасу және пенитенциарлық психология мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау және жалпылау; мотивациялық сұхбаттасуды қолданудың отандық және шетелдік тәсілдерін салыстырмалы-салыстырмалы талдау; пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметінің іс-әрекетіндегі мотивациялық сұхбаттасуды қолданудың практикалық тәжірибесін талдау.


Дереккөздерді таңдау критерийлеріне мыналар кірді: мотивациялық сұхбаттасу тақырыбы және пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметінің іс-әрекетіне сәйкестігі; беделді отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда дереккөздерді жариялау; зерттеудің өзектілігі (негізінен соңғы 10 жылдағы басылымдар); нақты ұсынылған теориялық ережелердің, әдістемелік негіздердің немесе мотивациялық сұхбаттасуды қолдану практикасының сипаттамасының болуы; пенитенциарлық мекемелерде сотталғандарды психологиялық көмек пен сүйемелдеу міндеттері зерттеу нәтижелерінің релеванттылығы болмақ.

Басылымдардың желілік картасын құру кезінде келесі көрсеткіштер ескерілді: пенитенциарлық мекемелердегі мотивациялық сұхбаттасу мен психологиялық іс-әрекетке байланысты кілт сөздер мен терминдердің жиілігі; зерттеушілер мен ғылыми топтар арасындағы бірлескен авторлық байланыс; қарастырылып отырған мәселе бойынша жариялау белсенділігінің хронологиялық динамикасы; зерттеулердің белгілі бір ғылыми бағыттар мен мектептерге қатыстылығы.

*Іздеу стратегиясы зерттеудің негізгі мазмұнын көрсететін кілт сөздер мен сөз тіркестерін* қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолдануға негізделген, соның ішінде: «мотивациялық сұхбаттасу», «пенитенциарлық мекемелдегі психологиялық қызмет», «тұтқындармен психологиялық жұмыс», «мотивационное интервьюирование», «психологическая служба пенитенциарных учреждений», «психологическая работа с осуждёнными», «penitentiary psychology», «motivational interviewing», «correctional psychology», «work with inmates». Ізденіс қисындық операторларды және таңдалған көздердің толықтығы мен релятивтілігін қамтамасыз ететін терминдерді біріктіруді қолдана отырып, отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерде жүргізілді.

**Әдебиетке шолу.** Әлемдік тәжірибеде тұтқындармен жұмыста сананы өзгертетін әдістердің бірі мотивациялық сұхбаттасу әдісін қолданады. Сотталғандармен жұмыс

тәжірибесі мотивациялық сұхбат әдістемесін қолдану сенім мен ынтымақтастық атмосферасын құруға, сотталғандардың ішкі мотивациясын дамытуға, сондай-ақ өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға және өз мінез-құлқы үшін жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал ететіндігін көрсетті [2]. Мотивациялық сұхбаттасу (МС) 1980 жылдары американдық психологтар Уильям Р.Миллер мен Стивен Роллник тәуелділік мінез-құлқы бар адамдарға психологиялық көмек көрсету әдісі ретінде жасаған. Бұл тәсіл алғаш рет В. Р. Миллер мақаласында «Behavioral Psychotherapy» журналында жарияланған (Миллер, 1983) [3]. В. Р. Миллер мен С. Роллниктің анықтамасы бойынша мотивациялық кеңес беру - бұл адамның жеке мотивациясын нығайтуға және оның өзгерістерге деген адалдығын арттыруға бағытталған бірлескен, серіктестік әңгіме стилі (Миллер, Роллник, 2017) [4]. Кең мағынада МС мақсатты кәсіби қызмет ретінде сипатталады, оның барысында маман клиентке ықтимал өзгерістердің себептерін, тәсілдерін және уақыт шеңберін түсінуге, сондай-ақ өзгерістердің өзі ол үшін қаншалықты маңызды және маңызды екенін анықтауға көмектеседі [4, б.74]. Осы тәсіл аясында маман клиенттің жеке басын қабылдауды және оның автономиясын құрметтеуді көрсете отырып, өзгерістер үрдісінің ілеспе позициясының және фасилитатор позициясының орнын алады (Громыхова, 2016). Мотивациялық сұхбаттасу қысымды немесе шешімдерді таңуды қамтымайды, керісінше, адамды позитивтік өзгерістер үшін ішкі негіздемелер мен ресурстарды өздігінен табуға ынталандыруға бағытталған.



1-сурет - Мотивациялық сұхбаттасу хаттамасын толтыру алгоритмі (Мелехин А. И.) [6]

Пенитенциарлық практикада мотивациялық сұхбаттасу сотталғандардың өзгерістерге дайындығын арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Тындаулар мен құндылықтарды нақтылауды көрсететін ашық сұрақтарды қолдану сотталғандардың жеке мақсаттарын, өмірлік қиындықтары мен түрткілерін талқылауға, қарсылықты төмендетуге және өз мінез-құлқына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға мүмкіндік береді (Громыхова, 2016). Мотивациялық сұхбаттасудың мәні адамның жеке әлеуетіне деген сенімді көрсететін негізгі алғышартқа негізделген. Осы тұжырымдамаға сәйкес, өзгерістерге қажетті ресурстардың көпшілігі клиенттің өзінде бар, ал маманның міндеті директивалық әсер ету емес, осы ішкі мүмкіндіктерді анықтау, қолдау және жаңарту болып табылады (Miller, Rollnick, 2017). [4 б. 20]

*Мотивациялық сұхбаттасудың мақсаты* - адамның бұрынғы өмір салты оның өзекті қажеттіліктерін одан әрі қанағаттандыра алатындығына, сондай-ақ өзгерістер қажеттілігі туралы хабардар болуға деген ішкі күмәнін қалыптастыру (Федоров, 2023) [5]. Кеңес беру процесінде психолог клиентке көмектеседі: өзгерістерге өзіндік мотивацияны тұжырымдау;

оны күшейту жолдарын түсіну; алдағы өзгерістердің әлеуеттік жеке пайдасын түсіну. Мотивациялық сұхбаттасу клиенттің дербестігін сақтауға, оның саналы тұрғыда мойындауды арттыруға және өзгерістерге ішкі мотивацияны қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-коммуникациялық өзара әрекетті кезең-кезеңімен ұйымдастыруды көздейді. Бұл тәсіл аясында ақпаратты беру емес, оны ұсынып және бірлесіп түсіну тәсіліне негізгі мән беріледі (Миллер, Роллник, 2017). 1-кестені қараңыз. Күтілетін әрекеттің нәтижесіне сәтті жету үшін психолог тұтқындалғанмен алдын-ала бірлесіп мотивациялық сұхбаттасу хаттамасын жасайды. 1-суретті қараңыз. Хаттаманы толтырған кезде психолог адамға қарама-қайшылықтар мен өзгерістердің ықтимал салдарын қарастыруға көмектеседі. Пациентті өзгерістерге ынталандыруға және жеке мақсаттарын анықтауға ерекше назар аударылады. Қажетті күйге өту үшін мүмкін қадамдар айтылады.

Кесте 1. Ақпараттық-коммуникациялық өзара әрекеттің кезеңдері: міндеттері және тәжірибиелік іске асырылуы (В. Р. Миллер, С. Роллник 2017 бойынша) [3, б. 113]

Кезең	Міндеттер	Тәжірибиелік іске асырылу
1. Ақпараттық қажеттілікті анықтау	Клиенттің ақпарат алуға дайындығын анықтау; өзекті қажеттіліктер мен білім тапшылығын анықтау	Хабардарлық деңгейін нақтылауға бағытталған дұрыс кіріспе сұрақтарды құрастыру; тақырыпты талқылауға келісім алу; адресаттың үміттері мен қызығушылығын нақтылау. Төмендегі сияқты сұрақтар қолданылады: "Мен жей аламын ба?", "Сіз .... туралы білгіңіз келе ме?", ":::: туралы не білесіз?", "Мен сізге көмектесе алатын ақпарат бар ма?"
2. Ақпаратты жеткізу	Мазмұнды құрылымдау; маңызды мәліметтерге басымдық беру; баяндаманың қолжетімділігін қамтамасыз ету; адресаттың дербестігін сақтау	Ақпаратты қисынды тұрғыда және дәйекті түрде ұсыну; бейтарап, түсінікті тілді қолдану; түсіну үшін кідірістер жасай отырып, белгілі ретпен сөйлеу мәнерін өз дозасында айту; интерпретациялар мен дайын шешімдерді танудан бас тарту
3. Реакция мен түсінуді анықтау	Ақпаратты қабылдауды талдау; түсіндірулерді және клиенттің эмоциялық реакциясын нақтылау	Ашық нақтылау сұрақтарын қою; байқалған когнитивті және эмоциялық реакциялардың көрінісі; жауапты түсінуге және тұжырымдауға уақыт беру

Клиентпен мотивациялық сұхбаттасу әдістемесі келесі схеманы қамтиды: 1. Сәлемдесу және есеп (2-3 мин); 2. Мақсаттарды нақтылау (3-5 мин); 3. Амбиваленттілікті (тілектер мен сезімдердің «қосарлануы») және мотивацияны анықтау (10-20 мин); 4. Мотивациялық сөйлеуді қолдау 5. Өзгерту жоспарын қалыптастыру (5-10 мин); 6. Қорытындылау түйіндеу сессиясы.

Мотивациялық сұхбаттасу (МС) - бұл клиенттің өзгерістерге деген ішкі мотивациясын қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған құрылымдық кеңес беру үрдісі (Miller, Rollnick, 2017). Психологтың жұмысындағы мотивациялық сұхбаттасу үрдісін төрт негізгі кезең арқылы ұсынуға болады (Miller, Rollnick, 2017): тарту, фокустау, ынталандыру, жоспарлау. 2-кестені қараңыз.

Кесте 2. Мотивациялық сұхбаттасу кезеңдері (Миллер и Роллник бойынша, 2017) [4 б. 13-24]

Кезең	Мақсат	Құралдар/ әдістер	Үлгі сұрақтар
1. Байланыс орнату (тарту)	Сенім мен жұмыс альянсын құру	Эмпатия, ашық сұрақтар, сезімдердің көрінісі	«Сізді бүгін не әкелді?» «Бұл жағдайда сіз өзіңізді қалай сезінесіз?»

2. Фокустау	Өзгерістердің мақсаттары мен бағыттарын анықтау	Сақтайтын мәлімдемелер (тілек, қабілет, себептер, қажеттілік, дайындық, белсендіру, шаралар қабылдау)	«Дәл қазір сіз үшін не маңызды?» «Сіз қай саланы, бағытты жақсартқыңыз келеді?»
3. Ынталандыру (мотивациялық сөйлеуді шақыру)	Ішкі мотивацияны қалыптастыру және өзгерістердің қажеттілігін түсіну	Техника: шкалалау ("1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша"), қайшылықтарды күшейту ("бір жағынан..., екінші жағынан..."), құндылықтар туралы сұрақтар	«Неліктен оны өзгерткіңіз келеді?» «Табысқа жету үшін не істей аласыз?» «Мұны істеудің ең үлкен үш себебін атаңыз?» «Мұны өзгерту сіз үшін қаншалықты маңызды және неге?»
4. Жоспарлау (Planning)	Нақты әрекеттің жоспарына көшу Переход к конкретному плану действий	S.M.A.R.T.-ты тұжырымдау -мақсаттар, опциялар мәзірі, қолдауды талқылау	«Сіз неден бастауға дайынсыз?» «Қандай қадамдар шынайы болады?» «Сізді кім қолдай алады?» «Бірнеше жол бар... Сізге не жақын?»

Н.Б. Лутова, В.Д. Вид, М.Ю. Сорокин, О.В. Макаревич мотивациялық сұхбатқа кеңес беру барысында төрт кезең ұсынды, олардың әрқайсысы белгілі бір маманның міндеттермен, әрекеттерімен және әдістемелік әдістермен сипатталады. 3-кестені қараңыз.

Кесте 3. МС жұмысының кезеңдері және маманның жұмысы (Н.Б. Лутова, В.Д. Вид, М.Ю. Сорокин, О.В. Макаревич, 2018) [7, б.14-18]

Кезең	Мазмұны	Ескерту /жұмыстың әдістері работы
1. Ешбір ойсыз кезең	Рефлексияға дайындық және идеяларды түсіндіру; клиентпен әңгімелесу мақсатын таныстыру. Маман шешімдерді ұсынбай, бағытталмаған жұмыс үшін дәлелдер келтіреді.	Техникалық қабылдау: жабық және ашық сұрақтар, рефлексиялық тыңдау.
2. Ниет кезеңі (рефлексия)	Өзгерістерге мотивацияны қалыптастыру, тербелістер мен эмоциялық кедергілерді саналы мойындау. Маман пациентке күмәннің себептерін түсінуге көмектеседі және тандау еркіндігі мен өзіндік анықталуды қолдайды.	Әдістер мен техникалар: - мәселе, алаңдаушылық және мінез-құлықты өзгерту ниеті туралы сұрақтар; - өзгерістерге қатысты оптимизмге арналған сұрақтар; артқа қарау / алға қарау; - бөлшектерді нақтылау ("қалай? Қашан? Мысал келтіріңіз"); - экстремалдық жұмыс ("егер сіз емделуден бас тартсаңыз, ең жаман нәрсе не болуы мүмкін?"); - жақын және алыс перспективаларды "жақтау" және "қарсы" салыстыру.
3. Дайындық кезеңі	Өзгерістер қажеттілігі туралы шешім қабылдау ("бірдеңе жасайтын уақыт келді"). Мақсат-пациентпен бірлесіп оңтайлы әрекет жоспарын құру, күтілетін	Маманның іс-әрекеті: мінез-құлық нұсқалары мен стратегияларын талдау; мәселелр мен кедергілерді анықтау; қиындықтарды жеңуге қолдау көрсету; әлеуметтік қолдау табуға көмектесу; пациенттің өзгеру қабілетіне деген сенімділігін

	кедергілер мен қолдау көздерін анықтау.	арттыру; алғашқы кішігірім қадамдарды ынталандыру.
4. Белсендік әрекет кезеңі	Өзгерістерді жекелендіру және кристалдану, практикалық әрекеттерге көшу. Кешенді мінез-құлықтың ұзақ мерзімді артықшылықтарын түсінуді нығайту маңызды.	<i>Маманның әрекеті:</i> - мақсаттарды анықтауға және әрекеттерді жоспарлауға көмектесу; туындаған мәселелерді шешуде қолдау; - өзгерістерге кедергі келтіретін және қолдайтын факторларды анықтау; өзгерістердің нақты белгілерін бекіту; - әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету.

МС-дің әр кезеңі адамның өзгеріс үрдісіне кезең-кезеңімен қатысуына, мәселе мен ауытқуларды саналы мойындаудан бастап, әрекетті нақты жоспарлауға және жаңа дағдыларды бекітуге дейін бағытталған. Маманның негізгі рөлі – адамның автономиясын қолдау, өзіндік анықталуға жағдай жасау және өзіне деген сенімділікті арттыру. Бұл тәсіл тұрақты мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді және ұсыныстарды сәтті орындау ықтималдығын арттырады. В.Мағкоев пен Я.Төрехановтың 2011 жылғы басшылығына сәйкес, мотивациялық сұхбаттасу пациентті мінез-құлықты өзгертуге кезең кезеңімен тартуға бағытталған және ол екі негізгі компонентті қамтиды: пациенттің рефлексиясы және мінез-құлықтың өзіндік өзгерілуі. Әр компоненттің маман қолдауының өзіндік мақсаттары мен әдістері бар. 4 кестені қараңыз.

Кесте 4. Мотивациялық сұхбаттағы өзгерістер үрдісінің компоненттері (В.Мағкоева, Я. Туреханова, 2011. [11.,8 б.].

Өзгерістер үрдісінің құрамдас бөлігі	Мазмұны
1. Клиент мінез-құлқының өзгеруі туралы ойлауы	<b>Мәселені түсіну:</b> психикалық бұзылыстың табиғаты туралы жаңа ақпарат алу және дәрі-дәрмек терапиясын сақтау қажеттілігі, бұл өз мінез-құлқы туралы ойлауды ынталандырады. - Мәселе бойынша эмоциялық мазасыздану. - Мәселенің басқа адамдарға, әсіресе жақын адамдарға әсерін түсіну. - Өзінің жеке басын қайта бағалау: өзіне және мәселелерге қатысты ойлар мен сезімдерді талдау. - Әлеуметтік ресурстарды бағалау: емдеу мүмкіндіктерін және терапевтік бағдарламаларға қатысуды қоса алғанда, қолдаудың қол жетімді түрлерін анықтау.
2. Клиент мінез-құлқын өзгерту	<b>Өз ресурстарын белсендіру:</b> әрекетке ынталандыру, өзгеру қабілетіне сену және мінез-құлықты өзгерту үшін қадамдар жасауға дайын болу. - Қолдау қатынастары: басқаларға сенім орнату және олардың өзгеру үрдісінде көмегін қабылдау. - Өзгерістерге ықпал ететін жағдайлар жасау. - Өзгерістерді сақтауға күш салу. - Арандатушы факторларды бақылау: мәселелік мінез-құлықты немесе өзгерістерге қарсы тұруды тудыру мүмкін жағдайлар мен оқиғалардан аулақ болу.

Бұл әдіс мотивациялық сұхбаттың тиімділігі өзгерістер үрдісінің когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік компоненттерінің интеграциясына байланысты екенін атап көрсетеді. Пациенттің рефлексиясы өзгерістердің маңыздылығын түсінуге көмектеседі, ал маманның практикалық қолдауы ішкі ресурстарды белсендіруге, өзіндік реттелу дағдыларын қалыптастыруға және жаңа мінез-құлық үлгілерін бекітуге ықпал етеді. Мотивациялық кеңес беру клиенттің мақсаттарына, шарттары мен ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі форматта: офлайн немесе онлайн, сондай-ақ жеке немесе топтық түрде жүргізілуі мүмкін. Мотивациялық сұхбаттың тиімділігі көбінесе маман қолданатын қарым-қатынас стилімен анықталады. МС

аясында өзара әрекеттесудің келесі негізгі стильдері ерекшеленеді (5 кестені қараңыз). Қарым-қатынас форматтары мен стильдерінің бұл үйлесімі әдістің икемділігін қамтамасыз етеді және әртүрлі кәсіби және клиникалық контекстерде мотивациялық кеңес берудің тиімділігін арттырады. Фокустың үш стилі (Уильям Р. Миллер, Стивен Роллник [4, б. 80]): Директивалық стиль. Кеңесші өзінің бағдарламасына немесе ұйымның бағдарламасына сүйене отырып, әңгіменің фокусын анықтайды. Клиентті нақты өзгерістерге бағыттау қажет болған кезде қолданылады; Ілеспе стиль. Клиенттің басымдықтарына баса назар аударылады: "бүгін не туралы сөйлескіңіз келеді?" Кеңесші клиенттің бағдарламасын түсінеді және әңгіменің басқарылуы мен мазмұнын оның логикасын ұстануға мүмкіндік береді. Клиенттің қатысуын күшейтеді және терапевтік тұрғыдан маңызды болуы мүмкін; Бағдарлау стилі. Директивті және ілеспе стильдің арасында орналасқан. Бағытты бірлесіп іздеу және клиенттің тәжірибесін терапия мақсаттарымен байланыстыру. Клиенттің бағдарламасы да, контекст шектеулері де ескеріледі. 5 кестені қараңыз.

Кесте 5. МС-дағы директивалық, бағдарлаушы және ілеспе стильдерінің өзара әрекеттесуіндегі салыстырмалы сипаттамасы (Уильям Р. Миллер, Стивен Роллник [4 б.8])

Директивалық стилі	Бағдарлаушы стилі	Ілеспе стиль
Басшылық ету	Сүйемелдеу	Мүмкіндік беру
Рұқсат ету	Шақыру	Келу
Бұйрық беру	Көмектесу	Жауапты болу
Жүргізу	Ояту	... -мен болу
Шешу	Ынтымақтастану	Танып түсіну
Анықтау	Қол жеткізу	...-мен бірге жүру
Үстемдік ету	Подбадривать	Ұстап алу
Жетекшілік ету	Хабардар болу	... сену
Меңгеру	Шабыттандыру	Тыңдау
Тапсырыс беру	Қоздыру	Байқау
Тағайындау	Қарауға енгізу	Рұқсат беру
Төреғалық ету	Қарау	Ұстану
Өндеу	Бағыт-бағдарлау	... бірге қалу
Бағыттау	Ұсыну	Адал болу
Басқару	Жарлық жасау	Қабылдау
Жауапкершілікті алу	Көрсету	Қызығушылық білдіру
Басқаруды қолға алу	Қолдау	Түсіну
Сөйлеу	Өзімен бірге алу	Бағалау

Р.Миллер мен С.Роллник (2017) [4, б. 264] пікірінше, мотивациялық кеңес берудің сәтті жүргізілуі клиентпен жұмыс істеудің тиімділігін қамтамасыз ететін кәсіби шеберліктің өзара байланысты төрт компонентіне негізделген. 2 суретті қараңыз. Бұл компоненттер тиімді серіктестік қарым-қатынасты қалыптастырудың негізі болып табылады және психологқа сенім, құрмет және қолдау атмосферасын құруға мүмкіндік береді, әрі бұл клиенттің сәтті өзгеру ықтималдығын едәуір арттырады.



Сурет 2 – МС кеңесшісінің дағдылары (Р.Миллер мен С.Роллник, 2017.)

Мотивациялық сұхбат сотталушының ішкі мотивациясын қалыптастыруға және оның дербестігін қолдауға бағытталған бірқатар психологиялық негізделген құралдарды қолдануды қамтиды. 6 кестені қараңыз.

Кесте 6 Мотивациялық сұхбатқа техникалар [2]

Компонент / техника	Мазмұн/ сипаттама	Сұрақтардың мысалдары / практикалық іске асыру
<i>Ашық сұрақтар</i>	Олар толық және түсіндірмелі жауаптарды алуды, рефлексия мен өзіндік талдауды қамтиды.	Сіз нақты мысал келтіре аласыз ба? Айтыңызшы, сізді не мазалайды? Бұл жағдайда сіз үшін не маңызды?
<i>Жабық сұрақтар</i>	Олар "Иә" немесе "жоқ" деген нақты жауап береді. Фактілерді нақтылау үшін қолданылады.	Сіз дәрігердің ұсыныстарын орындайсыз ба? Сіз дәрі-дәрмекті рецепт бойынша қабылдауды бастадыңыз ба?
<i>OARS техникалары</i>	Әңгімелесуді құрылымдауға арналған MC құралдар кешені: O — Open Questions; A — Affirmations (подкрепления), R — Reflections (рефлексивное слушание), S — Summaries (резюмелеу).	Аффирмация (Бекіту): Сіз жағдайға өзгеріс енгізу үшін көп нәрсе жасадыңыз. Рефлексия (Рефлексстік тындау): клиенттің сөздерін, сезімдері мен мағыналарын көрсету. Резюме(Түйін): сұхбатты құрылымдау үшін қысқаша қорытындылау.
<i>Ішкі мотивацияға назар аудару</i>	Клиентке өзгерістердің жеке түрткілері мен қажеттіліктерін мәжбүрлемей-ақ түсінуге көмектеседі.	Егер сіз әрекет етпесеңіз, қандай жағымсыз салдарлар болуы мүмкін? Бұл жағдайда сіз үшін нені өзгерту маңызды?
<i>Қолдау және сенімділікті арттыру</i>	Әрекет ету қабілетіне деген сенімділікті арттыру үшін клиенттің шағын жетістіктері мен қолда бар ресурстарына баса назар аудару.	Сіз қазірдің өзінде қандай кішкентай қадамдар жасауға дайынсыз? Сіздің күш-жігеріңізді қолдау үшін сізде қандай ресурстарыңыз бар?
<i>Әрекетті жлспарлау</i>	Мақсатқа жету жолындағы нақты қадамдар мен мүмкін кедергілерді талқылау..	«Мақсатыңызға жақындау үшін дәл қазір не істеуге дайынсыз?» «Қандай кедергілер туындауы мүмкін және оларды қалай жеңуді жоспарлап отырсыз?»
<i>Оқыту және қолдау</i>	Клиентке күмән мен қорқынышпен күресуге көмектесу, ұзақ мерзімді негізде мотивацияны сақтау стратегиясын әзірлеу.	Триггерлерді бақылау әдістерін талқылау, жаңа әдеттер мен мінез-құлық үлгілерін бекітуге қолдау көрсету.
<i>Артқа қарау</i>	Клиентке өзгерістердің динамикасын көруге және өткен тәжірибелерден сабақ алуға көмектесу.	Қазір және 10 жыл бұрын болып жатқан оқиғалардың айырмашылығы неде?
<i>Алға қарау</i>	Болашақты болжау және өзгерістерді жоспарлау үшін бейнелеу (визуализация) әдістерін қолдану.	Егер сіз әрекет ете бастасаңыз, 10 жылдан кейін сіздің өміріңіз қандай болады?
<i>«Оң» және «қарсы» салыстыру</i>	Шындықты ретке келтіру және шешім қабылдауды қолдау үшін жақын және алыс перспективаларды бағалау.	«Сіз мінез-құлқыңызды өзгертсеңіз не жақсы не жаман болар еді?» «Ал егер ештеңе өзгермесе?»
<i>Ынталандыру сұрақтары</i>	Клиенттің мәселеге, мотивацияға және өзгерістерге деген сенімділіктің әртүрлі аспектілері бойынша мәлімдемелерін ынталандырады.	- Мәселені түсіну: Бұл сізді мәселе деп ойлауға не мәжбүр етеді?» - Мәселе туралы алаңдаушылық: ...-ға байланысты сізді не мазалайды?» - Мінез-құлықты өзгерту ниеті: Қандай себептер сізді бір нәрсені өзгертуге итермелейді?

		- Оптимизм және өзгерістерге деген сенімділік: Өзгеріс мүмкіндігіне сенуге не көмектеседі? - Мәселені түсіну: «бұл сізді мәселе деп ойлауға не мәжбүр етеді?»
<i>Нақтылау</i>	Клиентке жағдайды егжей-тегжейлі түсінуге, ойлар мен сезімдерді білдіруге, өз ойларын құрылымдауға көмектеседі.	Қалай? Қашан? Сіз оны қалай сипаттай аласыз? Мысал келтіріңізші.
<i>Шектен тыспен жұмыс</i>	Әрекеттің немесе әрекетсіздіктің ықтимал салдарын бағалауға мүмкіндік береді, тәуекелдер туралы хабардар болуды және өзгерістерге ынталандырады.	Сіз бас тартқаныңызды елестетіп көріңіз (өзгерту үрдісі). Сізге ең жаман нәрсе не болуы мүмкін?

Психологтың тиісті әдістерді қолданудың ерекшелігі олар қамаудағыларға мәселенің мәнін әр түрлі жағынан қарастыруға, өз түрткілерін түсінуге және жеке өсу мен құндылық бағдарын өзгерту пайдасына таңдау жасауға көмектеседі.

**Қорытынды.** Ғылыми көздер мен практикалық материалдарға жүргізілген талдау пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметі іс-әрекетінде мотивациялық сұхбаттасудың жоғары өзектілігі мен маңызды әлеуеті туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Шектеулі еркіндік, психологиялық қорғаудың жоғары деңгейі және сотталғандардың өзгеруге дайындығының төмен жағдайында бұл әдіс жеке және мінез-құлық өзгерістеріне ішкі мотивацияны қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Эмпатия, жеке тұлғаның автономиясын қолдау және директивтік емес өзара әрекеттесу принциптеріне негізделген мотивациялық сұхбаттасу психологиялық әсерге қарсылықты төмендетуге және психолог пен сотталған арасындағы тұрақты терапевтік альянсты қалыптастыруға ықпал ететіні анықталды. Директивалық және бақылаушы тәсілдерден айырмашылығы, бұл әдіс жеке ресурстарды жандандыруға және сотталғандардың өзгерістер үрдісі үшін жауапкершілігіне бағытталған, бұл әсіресе пенитенциарлық орта жағдайында маңызды. Талдау нәтижелері сотталғандармен психологиялық жұмыста мотивациялық сұхбаттасуды қолдану өз мінез-құлқына қатысты хабардарлықты арттыруға, деструктивтік бағыт-бағдарларды өзгертуге дайындықты қалыптастыруға және қайталанатын мінез-құлық тәуекелдерін азайтуға ықпал ететінін көрсетті. Бұл әдісті жеке және топтық жұмыстарда, соның ішінде психологиялық түзету, тәуелділік пен агрессиялық мінез-құлықтың алдын алу, сондай-ақ босатылғаннан кейін әлеуметтік қайта бейімделуге дайындық бағдарламалары аясында тиімді пайдалануға болады. Қорыта келе, мотивациялық сұхбаттасу пенитенциарлық мекемелердің психологиялық қызметі дамуының перспективалық бағыты ретінде қарастырылуы мүмкін.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Садвакасова З. М., Нагманов Н.Ж. Психологическая дерадикализация осужденных: международный опыт пенитенциарных практик. Монография 2026.- 185 с.
2. Садвакасова З.М., Нагманов Н.Ж. Мотивационное интервьюирование в деятельности психологической службы пенитенциарных учреждений. Метод пособие. Алматы, 2026. – 34 с.
3. Miller W.R. Motivational interviewing with problem drinkers // Behavioral Psychotherapy. — 1983. — Vol. 11, № 2. — P. 147–172.
4. Уильям Р. Миллер, Стивен Роллник. Мотивационное консультирование: Как помочь людям измениться. — М.: Издательство «Э», 2017. — 374 с. — URL: <https://skillbox.ru/media/growth/motivational-interview/>
5. Фёдоров А.А. Краткое мотивационное интервьюирование зависимых / URL: [https://www.b17.ru/article/motivacia\\_addist/](https://www.b17.ru/article/motivacia_addist/) (дата обращения: 16.10.2023).
6. Мелёхин А.И. Специфика терапевтического комплаенса в когнитивно-поведенческой психотерапии // Клиническая и медицинская психология: исследования, обучение, практика: электрон. науч. журн. — 2016. — N 2 (12). — URL: <http://medpsy.ru/climp>

7. Лутова Н.Б., Вид В.Д., Сорокин М.Ю., Макаревич О.В. Мотивационное интервью для улучшения медикаментозного комплайенса у больных с психическими расстройствами: методические рекомендации. — СПб: НМИЦ ПН им. В.М. Бехтерева, 2018. — 22 с. — URL: <https://bekhterev.ru/wp-content/uploads/2020/09/motivacionnoe-intervjyu.pdf>
8. Магкоев В., Туреханов Я. Тренинг мотивационное интервьюирование: Руководство для тренера. — Душанбе, 2011. — 68 с. — URL: <https://www.xn--27-nmcin.xn--p1ai/upload/iblock/854/854109dafd42d49e44e76ff15d23f2e7.pdf>

#### References

1. Sadvakassova Z. M., Nagmanov N.ZH. *Psixhologicheskaya deradikalizatsiya osuzhdennykh: mezhdunarodnyy opyt penitentsiarnykh praktik. Monografiya 2026.- 185 s.*
2. Sadvakassova Z.M., Nagmanov N.ZH. Motivatsionnoye interv'yuirovaniye v deyatelnosti psixhologicheskoy sluzhby penitentsiarnykh uchrezhdeniy. Metodicheskoye posobiye. Almaty, 2026. — 34
3. Miller W.R. Motivational interviewing with problem drinkers // Behavioral Psychotherapy. — 1983. — Vol. 11, № 2. — P. 147–172.
4. Uil'yam R. Miller, Stiven Rollnik. Motivatsionnoye konsul'tirovaniye: Kak pomoch' lyudyam izmenit'sya. — М.: Izdatel'stvo «Е», 2017. — 374 s. — URL: <https://skillbox.ru/media/growth/motivational-interview/>
5. Fodorov A.A. Kratkoye motivatsionnoye interv'yuirovaniye zavisimykh / URL: [https://www.b17.ru/article/motivacia\\_addist/](https://www.b17.ru/article/motivacia_addist/) (data obrashcheniya: 16.10.2023).
6. Melokhin A.I. Spetsifika terapevticheskogo komplayensa v kognitivno-povedencheskoy psixhoterapii // Klinicheskaya i meditsinskaya psixhologiya: issledovaniya, obucheniye, praktika: elektron. nauch. zhurn. — 2016. — N 2 (12). — URL: <http://medpsy.ru/climp>
7. Lutova N.B., Vid V.D., Sorokin M.YU., Makarevich O.V. Motivatsionnoye interv'yu dlya uluchsheniya medikamentoznogo komplayyensa u bol'nykh s psikhicheskimi rasstroystvami: metodicheskiye rekomendatsii. — SPb: NMITS PN im. V.M. Bekhtereva, 2018. — 22 s. — URL: <https://bekhterev.ru/wp-content/uploads/2020/09/motivacionnoe-intervjyu.pdf>
8. Magkoyev V., Turekhanov YA. Trening motivatsionnoye interv'yuirovaniye: Rukovodstvo dlya trenera. — Dushanbe, 2011. — 68 s. — URL: <https://www.xn--27-nmcin.xn--p1ai/upload/iblock/854/854109dafd42d49e44e76ff15d23f2e7.pdf>

#### Авторлар туралы мәлімет:

Садвакасова З.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Алматы, Қазақстан; e-mail: [zuhrasad2@mail.ru](mailto:zuhrasad2@mail.ru)

Нагманов Н.Ж. – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Алматы, Қазақстан; e-mail: [nurlan.nagmanov1981@gmail.com](mailto:nurlan.nagmanov1981@gmail.com)

Көмекбаева Л.К. – хат-хабар авторы, психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Q университеті, Алматы, Қазақстан; e-mail: [klk62@mail.ru](mailto:klk62@mail.ru)

#### Сведения об авторах:

Садвакасова З.М. – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет философии и политологии, кафедра общей и прикладной психологии, Алматы, Казахстан; e-mail: [zuhrasad2@mail.ru](mailto:zuhrasad2@mail.ru)

Нагманов Н.Ж. – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, кафедра общей и прикладной психологии, Алматы, Казахстан; e-mail: [nurlan.nagmanov1981@gmail.com](mailto:nurlan.nagmanov1981@gmail.com)

Көмекбаева Л.К. – автор для корреспонденции, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор, Университет Q, Алматы, Казахстан; e-mail: [klk62@mail.ru](mailto:klk62@mail.ru)

#### Author Information:

Sadvakasova Z.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Philosophy and Political Science, Department of General and Applied Psychology, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [zuhrasad2@mail.ru](mailto:zuhrasad2@mail.ru)

Nagmanov N.Zh. – Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Department of General and Applied Psychology, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [nurlan.nagmanov1981@gmail.com](mailto:nurlan.nagmanov1981@gmail.com)

Komekbayeva L.K. – Corresponding author, Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Q University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [klk62@mail.ru](mailto:klk62@mail.ru)